

Шал ақын ауданы Приишим ауылдық округінің Бірлік ауылының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Приишим селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі N 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 13-14-108 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің қазақ тілдегі деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Приишим селолық округі әкімінің 18.01.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35-бабы 2-тармағына, 37-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы", Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 14-бабы 4-тармақшасына сәйкес, Бірлік ауылдық округі азаматтарының қоғамдық кеңесінің шешімін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Приишим ауылдық округінің Бірлік ауылының құрамдас бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

А. Хабдулин

Ауылдық округ әкімінің
2010 жылғы 22 қыркүйегінің № 6
шешіміне қосымша

Шал ақын ауданы Приишим ауылдық округінің атау берілген Бірлік ауылының құрамдас бөліктерінің тізбесі

Бірінші көшеге – Ұзын көше;
Екінші көшесі- Мұғалімдер көшесі.